



ДЕРЕҚТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

2025 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫ
БОЙЫНША МӘЛІМЕТ



ТАРИХ / ҚАТЫСУШЫЛАР

Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.

«Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.

Қазіргі таңдағы ТШО серіктестері:



ӨНІМ ӨНДІРУ / ҚОРЛАР

Жалпы барланған қор

Теңіз кен орны

3,1 млрд тонн

25 миллиард баррель

Королев кен орны

200 млн тонн

1,6 миллиард баррель

Өндірілетін шикі мұнайдың болжамды жалпы қоры

Теңіз және Королев кен орындарының қоры

1,4 млрд тонн

11 миллиард баррель

- Теңіз коллекторының ені 20 шақырым (12 миль), ал ұзындығы 21 шақырым (13 миль).
- 2008 жылы ТШО Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтады. Нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік көлемі шамамен 80 мың тоннаға (640 мың баррель), табиғи газ 25 миллион текше метрге (870 миллион текше пұт) жетті.
- 2025 жылдың қаңтар айында ТШО Келешек кеңею жобасы – Ұңғы өрнеуіндегі қысымды басқару жобасы (ҚКЖ-ҰЕҚБЖ) шеңберінде Теңіз кен орнындағы мұнай өндіру көлемін жоспар бойынша жылына 12 миллион тоннаға арттыруға мүмкіндік беретін жаңа Үшінші буын зауытында (ҮБЗ) қауіпсіз түрде мұнай өндіре бастау арқылы маңызды межеге қол жеткізді.
- Теңіз кен орнындағы барлық нысандар толық өндірістік қуатқа көшкеннен кейін, ТШО-ның жалпы жылдық мұнай өндіру көлемі 40 миллион тонна құрайды деп күтілуде, бұл Қазақстан Республикасының бюджетіне салық, роялти және басқа да тікелей төлемдер түрінде құйылатын қаржы көлемінің ұлғаюын қамтамасыз етеді.
- 2025 жылдың өткен үш тоқсанында шикі мұнай өндіру көлемі 30,5 миллион тоннаны (243,2 миллион баррельге жуық) құрады.



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІП ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

\$3,2 млрд

ТШО 2000 жылдан бері табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға инвестиция салды.

2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі

71% -ға азайды.

2025 жылдың үш тоқсанында ТШО өндірілген газдың

99,5 % -ын кәдеге жаратты.

2025 жылдың үшінші тоқсаны соңында суды қайтадан пайдалану көрсеткіші

48% құрады.

- ТШО тұрмыстық ағын суларды кәдеге жарату, сондай-ақ өнеркәсіптік мақсатта тазарту және қайта пайдалану арқылы су ресурстарын үнемдеу бағытындағы іс-шараларды одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруда.
- Кәсіпорын қалдықтардың 35 түрін қайта өңдеуге жібереді. 2025 жылдың үшінші тоқсаны соңында қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жалпы көрсеткіш 83%-ға жетті.

ӨНІМДЕРДІ ӨТКІЗУ

- 2025 жылдың үш тоқсанында өткізілген өнім:



**963 мың тонна
сұйытылған газ**



**1,8 миллион
тоннадан аса күкірт**



**4,5 миллиард текше
метрден аса құрғақ газ**

- Кәсіпорын өндірілген құрғақ газ көлемін түгелге жуық ішкі нарыққа өткізеді.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

1993 жылдан 2025 жылдың үш тоқсаны аралығындағы ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей қаржылық төлемі жергілікті қызметкерлерге төленген еңбекақыны, қазақстандық тауар өндірушілер мен қамтушылардың өнімдері мен қызметтерін сатып алуға жұмсалған қаржыны, мемлекеттік кәсіпорындарға аударылған төлемдерді, қазақстандық серіктеске бөлінген дивидендтерді, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық пен роялтиді қоса алғанда 209 миллиардқа жуық АҚШ долларын құрады.



~\$7,7 млрд

2025 жылдың алғашқы тоғыз айы бойынша ҚР бюджетіне түскен тікелей төлемдер



\$1,3 млрд

2025 жылдың алғашқы тоғыз айы бойынша қазақстандық ТЖҚ сатып алуға бағытталған қаржы көлемі





\$51,8 млрд

1993 жылдан бастап 2025 жылдың алғашқы тоғыз айы бойынша қазақстандық ТЖҚ сатып алуға бағытталған қаржы көлемі



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ШЫҢДАУ

Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламалар нәтижесінде анағұрлым жауапты лауазымдарға жергілікті қызметкерлер көбірек тартылуда.





ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ҮЛЕС

Құрылған күнінен бастап, ТШО «Игілік» жобасымен қоса, өзінің әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламалары шеңберінде Атырау облысында мектептер, ауруханалар, демалыс орындары, балабақшалар және басқа да қоғамдық нысандарды салу және жақсарту үшін

120-дан астам

әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаға инвестиция салды.



2025 жылы ТШО өзінің әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру сапасын жақсарту және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған

20 әлеуметтік жобаға қолдау көрсетті.

2010 жылдан 2024 жылға дейін ТШО Атырау және Маңғыстау облыстарында денсаулық сақтау, білім беру, экономика және азаматтық қоғамды дамыту салаларындағы қауымдастықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы шеңберіндегі

159 әлеуметтік жобаға қолдау көрсетті.

